



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №13 (1881) 10 СӘУІР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР премьер-министрінің орынбасары Алтай Көлгінов жұмыс сапарымен келді. Жұмыс тобы құрамында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова және өзге де лауазымды тұлғалар бар.

Алтай Көлгінов ҚазҰУ қызметімен танысты



Құрметті қонақтар университетте алдымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ музейіне бас сұқты. Мұнда қара шаңырақтың тарихы, жетістіктері, тұлғалары мен түлектері жайлы мәлімет берілді.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өткен жылы университеттің оқу ғимараттары мен

жатақханаларына жүргізілген жөндеу жұмыстарының барысына тоқталды.

Үкімет басшысының орынбасары бастаған жұмыс тобы бас ғимаратта орналасқан оқу орнының Жағдаяттық басқару орталығының қызметімен де танысты.

Жалғасы 3-бетте

Отандық ғылымға жаңа талаптар жүктеліп отыр

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары, жас ізденушілер!

Сіздерді 12 сәуір – Қазақстандағы Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ғылымның бүгінгі дамуы – елдің ертеңгі табысының кепілі. Егер әлемдік дамуда көш соңында қалмаймыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытуымыз керек. Сондықтан ұлттық ғылымды жаңа деңгейге көтеретін мезгіл жетті. Отандық өндірісті өркендету үшін ғылыми инновациялар, жаңалықтар қажет. Ғалымдарымыздың еңбегі сапалы өнім шығаруға немесе өндірісті тиімді етуге тиіс. Сонда ғана экономикамыз дамиды», – деп атап өткен болатын.

Президент тапсырмасына орай, биыл Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. ҚазҰУ-дың зерттеу университеті ретіндегі ғылымды дамытуға бағытталған барлық іс-шаралары мен ғылыми жобалары осы тұжырымдама аясында іске асырылатын болады. Зерт-

12 сәуір – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



теу университеті деген мәртебе бізге ғылыми бағыттарды тереңдетуді талап етеді. Отандық ғылымға заман сұранысына сай жаңа талаптар жүктеліп отыр. XXI ғасыр – жаңа технологиялар, инновациялар мен заманауи зерттеулер ғасыры. Бүгінде ғылымға негізделген инвестицияларға айрықша көңіл бөлінуде. Ғылым мен өндірісті ұштастыру, озық тәжірибемен алмасу, ғылыми ұйымдар мен университеттердің ынтымақтастығын кеңейту аса маңызды.

Қазіргі күні ҚазҰУ-да 22 ҚР ҰҒА академигі және 11 корреспондент-мүшесі, 14 ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері жұмыс істейді. Сонымен қатар білім ордасында 585 ғылым докторы, 801 ғылым кандидаты, 489 PhD докторы еңбек етуде.

Біз жаңа Қазақстанның жаңа біліммен қаруланған, озық ғылымды игерген, бәсекеге қабілетті жастарын тәрбиелеуіміз керек. Ғылыми ізденістердің нәтижесі ел экономикасы мен тұтас қоғамға пайда әкелуі тиіс. Бұл бағытта ғылыми қауымдастыққа үлкен жауапкершілік артылуда. ҚазҰУ-дың халықаралық мәртебесін нығайтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту бәрімізге ортақ міндет. Университет абыройы мен беделі оның ғылыми жетістіктеріне тікелей байланысты. Сондықтан сіздерге ғылым жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Студенттеріміз Азия кеңесінде тағылымдамадан өтеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің бас хатшысы Қайрат Сарыбаймен кездесу өткізді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Азия кеңесі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, бірге жұмыс істеу қажет. Ынтымақтастық аясында алдағы уақытта бірлесіп конференциялар мен дөңгелек үстел отырыстарын және халықаралық деңгейдегі шараларды өткізетін боламыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің бас хатшысы Қайрат Сарыбай жылы қабылдағаны үшін университет ректорына алғысын білдірді.

«Алдағы уақытта ҚазҰУ сту-

денттерін тағылымдамадан өткізуге және аналитикалық мақалаларын жариялауда көмектесуге, Азия кеңесі тарапынан университетте көшбасшылық дәрістер оқуға дайынбыз», – деді Қайрат Сарыбай.

Дипломат «АӨСШК – Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үкіметаралық диалогқа арналған платформа» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды. Шара соңында университет басшысы құрметті қонақты «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

Білім ордасында білікті зерттеушілерге барлық жағдай жасалған

2-3 беттер



Фараби форумы жаңа зерттеулерді саралады

4-бет

– **Жансейіт Қансейітұлы, әңгімемізді алдағы Ғылым қызметкерлері күнінен бастасақ. Ғылым – үлкен ізденіс жолындағы адам. ҚазҰУ оқытушы-профессорларының ғылыми жетістіктері қаншалықты бағаланып отыр? Олардың өз жетістіктерін ортаға салуға мүмкіндіктер қарастырылған ба?**

– Кез келген елдің өркендеуіне атсалысатындардың алдыңғы қатарында жаңа технологияларды ұсынатын білікті кадрлар тұрады. Ал мұндай мамандар білім беретін оқу орындарынан, түрлі институттар мен зерттеу орталықтарынан шығады. Әйгілі орыс жазушысы Лев Толстойдың «Білім – мақсат емес, қару» деген жақсы сөзі бар. Біздің университетте студенттерді біліммен «қаруландырып» жатқан мықты оқытушы-профессорлар құрамы жеткілікті. Атақты академиктеріміз, ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың

отырған абзал. Осы мақсатта біз осындай үлкен ғылыми конференциялар өткізіп, ғылымның түйткілді мәселелерін талқылап аламыз.

– **Көшбасшы университеттің ғылымдағы бүгінгі бағыт-бағдары қандай?**

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өткен жылы шілде айында зерттеу университеті мәртебесін алды. Осы мәртебеге сай, ҚазҰУ негізгі басымдықты ғылыми-зерттеу саласына бұрды. Таяуда елімізде жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Біз негізгі жұмысымызды, оқу-даму бағдарламаларын, ғылыми-зерттеу ізденістерімізді осы құжатқа сай жүргіземіз.

Мәселен, қазір елімізде жоғары білім берудің бірыңғай Орталық Азия кеңістігін құру жөніндегі жұмыс жүріп жатыр. Орталық Азия шеңберінде профессорлық-оқытушы құрам мен қызметкерлердің тағылымдамаларын, бір-



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры:

Білім ордасында білікті зерттеушілерге барлық жағдай жасалған

лауреаттары, ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми жетістіктерін таныстыру мақсатында қаңтар айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің, жетекші қазақстандық жоғары оқу орындары ректорлары мен ғылыми-зерттеу институты директорларының қатысуымен «Университеттік ғылымды дамыту – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ал 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ғылым және бизнес: Қазақстанның инновациялық даму жолы» тақырыбында ауқымды ғылыми конференция ұйымдастырылып отыр. Бағдарлама аясында университет ғалымдарының ғылыми-инновациялық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады. Көрме жұмысына университеттің, сондай-ақ білім ордасына қарасты ғылыми-зерттеу институттарының озық инновациялық жобалары қойылады. Көрмеде біз қазақстандық өзге 11 ЖОО-ға инновациялық жобаларын көрсетуге орын беріп отырмыз. Басқосуда бүгінгі ғылымның даму барысы, көкейкесті мәселелері жеке талданады. Ал «Интеграцияның нәтижесіндегі ғылыми аястықтастық» тақырыбы аясындағы дөңгелек үстелде отандық ғылыми жобаларды өндіріске енгізу, коммерцияландыру мәселелері ортаға салынады.

Ғылым – үздіксіз дамиды процесс. Сондықтан әрдайым оның артық-кемін екшеп-текшеп

лескен ғылыми жобаларды ұйымдастыру ісі жоспарлануда. Академиялық және мәдени тәжірибе алмасу, озық тәжірибелер мен өзара оқытуды іске асыру мақсатында ЖОО альянсы мен Орталық Азия елдері студенттерінің альянсын құру жоспарланып отыр. ШЫҰ және ТМД желілік университеттерінің негізінде түркі мемлекеттері кеңесінде желілік университеті құрылады. Бұл түркі елдерінің азаматтарына түркі мемлекеттерінде білім алуға мүмкіндік береді. 2029 жылға дейін Қазақстан аумағында беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кемінде 12 филиалы мен өкілдіктерін ашу мәселесі пысықталмақ. Бұл басқару жүйесін түрлендіруге және әлемдік білім беру стандарттарын білім беру мазмұны мен оқу процесіне енгізуге мүмкіндік береді.

Осы орайда, ерекше тоқталып өткім келетіні, алдағы уақытта университет ғылымын қолдау мақсатында ғылыми зертханалар мен тәжірибелік-сынақ инфрақұрылымын дамытуға мақсатты гранттар бөлінеді. Білім ордасы жанындағы ғылыми-технологиялық парктерді қолдау бағдарламасы әзірленіп, іске асырылады. Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде бизнес-инкубаторлар, инновациялық орталықтар, технологияларды коммерцияландыру мен трансферттеудің өңірлік орталықтарының, жобалық-конструкторлық бюролардың және инфрақұрылымның басқа да элементтерінің жұмыс істеуі үшін университеттер жанындағы ғылыми-технологиялық парктер мен инжинирингтік орталықтарға қолдау көрсетіледі. Осынау игілікті іс жүзеге асатын

болса, ұлттық ғылым қарыштап дамиды. Мемлекеттік қолдауды сезінген ғалымдардың зерттеу ісіне құлшынысы артады. Нақты нәтижеге қол жеткіземіз.

– **Осы айтылған міндеттерді орындауға университеттің ғылыми әлеуеті жетемі?**

– Келер жылы университет 90 жылдығын атап өтеді. Оқу орнының іргетасы құрылғалы ҚазҰУ-да елеулі жұмыс жүргізіліп, көптеген ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылды.

Ғылым жолы – «тар жол, тайғақ кешу». Ғылым жолын күш-жігері зор, өз армандары мен мақсаттарына жетемін деген білімді, білікті әрі қайсар адамдар ғана таңдайды. Сондай ғалымдар бүгінде біздің университетте «идеядан – өнімді коммерцияландыруға дейін» қағидатын іске асырып отыр.

Мәселен, «Ғылым қоры» АҚ жобасы аясында университет төмен температурамен және синтездің қысқа кезеңімен ерекшеленетін, сондай-ақ оларды пайдалануды жеңілдететін еріткішсіз акрилат бояуларының шағын өндірісін іске қосты.

Университетте идеяларды коммерциялық өнімдер мен қызметтерге трансформациялайтын білікті зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалған.

ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркі «Ұлтас плиткаларына жағуға арналған сұйық түрдегі кальций карбонатынан алынған поликристалды сынғыш ұнтақты тау жыныстарының бірлескен өндірісін құру» инновациялық жобасын «ТрансНефть» Орталық Азия ғылыми-зерттеу және жобалау институтымен бірлесіп жүргі-

зуде. Жобаны іске асыру мақсатында «Инновация плюс» еншілес коммерциялық ұйымы құрылды. Ол жаңа құрылыс материалдарының тиімділігін растай отырып, осы материалды ҚазҰУ ғимараттарының қасбеттеріне қолдану бойынша эксперименттік жұмысын бастады. Бүгінде айына 10 000 м² көлемінде инновациялық құрылыс материалдарының өндірісі жолға қойылды.

Сонымен қатар ҚазҰУ Технопарк электр қуаты жоқ жерлерде электр энергиясын беруге арналған қуаты екі және одан да көп кВт/сағ телеметриясы бар мобильді автономды гибриді күн энергиясы қондырғысы (МАЭБ) жобасын іске асыруда. Бұл жобаға ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі, «Қазақтелеком» АҚ, ұялы байланыс операторлары, агроөнеркәсіптік кешен өкілдері және басқа да ұйымдар қызығушылық танытты.

Бүгінде ҚазҰУ-да «Ғылым қоры» гранттары есебінен жоғары технологиялық өнім шығару бойынша 10 шағын сериялы өндіріс іске қосылды. Олар тартқан инвестициялар көлемі соңғы екі жылда 2 млрд теңгеден асады. Сонымен қатар биыл ҚазҰУ ғалымы Алина Галева «Ғылым қорының» тағы бір грантын ұтып алды. Оның жобасы қорғаныс және сәндік жабындарды алу технологияларына бағытталған. Сондай-ақ ғылыми институттар мен ұйымдар арасындағы интеграция күшейтілді, өнертабыстарға 400 патент пен авторлық куәлік алынды. Қазақстандық ғалымдардың Scopus-та мақалалар саны артты. Жарияланымдардың 58 пайызын жыл

сайын ҚазҰУ қызметкерлері жариялайды. Бұдан бөлек, Студенттік бизнес-инкубатор шеңберінде 70-тен астам студенттік инновациялық жоба бар. ҚазҰУ Технопарк базасында әртүрлі факультеттерден сегіз Start up команда жинақталды.

Тағы да айта кетерлігі, 12 сәуірде «Астана» халықаралық қаржы орталығында өтетін технологияларды коммерцияландыру реакторына ҚазҰУ-дың үш ғылыми жобасы іріктеліп алынды. Нәтижесінде ірі бизнес өкілдері қатысатын ауқымды жиында «NANOQUQIRT» жаңа препаратын өндіру және ҚР нарығына шығару жобасының жетекшісі, ҚазҰУ профессоры Мұхамбетқали Бүркітбаев, «Жасартылған сипаттамалары бар полиэфирлі шайырларға негізделген бояу материалдарын алудың жаңа технологиясы» жобасының жетекшісі, қауымдастырылған профессорымыз Ғалия Ирмұхаметова, «Жеміс-жидек дақылдарын терең өңдеу үшін мұздату, кептіру процесін пайдалану» жобасының жетекшісі, физика-химиялық талдау әдістері орталығының аға ғылыми қызметкері, PhD Ербол Ихсанов өз жобаларын таныстырады. Бұл ғалымдарға өз жобаларын бизнес-әріптестік арқылы одан әрі дамытуға және өндіріске кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми инновациялық жобалары мен олардың зияткерлік меншіктері – ғалымдар үшін де, бизнес өкілдері үшін де аса құнды актив.

– **Университеттің ғылыми қызметіндегі жас ғалымдардың үлесі туралы айтсаңыз.**

– Бүгінде университет ғылы-

мының дамуында жастар шешуші рөл атқарып отыр. ҚазҰУ-да 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалым жұмыс істейді. Олар ҚазҰУ ғылыми мектептерінің дәстүрін жалғай отырып, ғылымдағы жаңа бағыттарға жол салуда. Жас зерттеушілердің көпшілігі шетелдік жетекші университеттер мен орталықтарда тағылымдамадан өтіп, мол тәжірибе жинақтаған. Сол себептен жас ғалымдарымыздың үздік ғылыми жобалары елімізде ғана емес, шетелдерде де жоғары бағаланып отыр.

Сонымен қатар университетте постдокторанттар, PhD докторанттар және жас буын магистранттардың басын қосқан Жас ғалымдар кеңесі бар. Кеңес аясында атқарылатын жұмыстар жас ғалымдардың кәсіби тұрғыда дамуына бағытталған. Ұйым жас зерттеушілерді өзекті ғылыми мәселелерді шешуге және еліміздегі басым ғылыми бағыттарда зерттеу жүргізуге жұмылдырады. Оның мүшелері жыл сайын өтетін «Әл-Фараби әлемі» халықаралық конференциясы, студенттердің ғылыми-инновациялық жұмысының республикалық байқауы сынды ірі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысады. Сондай-ақ стартап жобаларға түрлі конкурстарда қолдау көрсетеді. Қазақстанның түрлі қорлары, қоғамдық бірлестіктері ұйымдастыратын конференцияларға да тұрақты қатысады. Бұдан бөлек, факультеттерде жыл бойы түрлі конференциялар, дөңгелек үстелдер мен оқулар өткізіледі. Ғылыми жетістіктері және тәжірибелерімен бөлісу үшін ғылыми қоғамдастық өкілдерімен кездесулер, арнайы тәжірибелік сағаттар ұйымдастырылады. Кеңес мүшелерінің саны қазіргі таңда 1500-ге жуық. Оның құрамына университет ғылымын алға жылжытуға үлес қосқысы келген кез келген докторант немесе жас ғалым кіре алады.

Біз жастарды қолдау мақсатында дәстүрлі «Үздік жас ғалым» байқауын өткіземіз. Жыл сайын 15-ке жуық қызметкер жас талантты ғалымдар үшін тағайындалған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болады. Осылайша көптеген жас зерттеушілер өз жобаларын дамытуға мүмкіндік алып, іске асыруда. Білімді де ізденімпаз жастар – тек ҚазҰУ-дың ғана емес, еліміздің кадрлық резервінің негізі. Болашақта олардың өз қарым-қабілеті арқасында университет пен ел дамуына үлкен үлес қосарына сенемін.

– Зерттеу университеті ретінде ҚазҰУ-дың алдағы жоспары қандай?

– Мемлекет беріп отырған мүмкіндіктер мен өзіміздің ғылыми әлеуетімізді пайдалана отырып, алдымызға әлемдік зерттеу университеті деңгейіне жетуді мақсат етіп отырмыз. 10 наурыз күні ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың арнайы қабылдауында болды. Кездесуде Мемлекет басшысына университеттің академиялық, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін баяндадым. Президент ҚазҰУ-дың халықаралық мәртебесін нығайтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту бойынша

нақты тапсырмалар берді. Осы мақсатта өткен жылы Үкімет қаулысымен университеттің 2022-2026 жылдарға арналған Даму бағдарламасы бекітілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін ғылымға бөлінетін қаржыны ішкі жалпы өнімнің 1 пайызына жеткізуді міндеттеп отыр. Осыған байланысты Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ғылым мен жоғары білімді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» жобасын дайындап, Қоғамдық кеңес мүшелері мен сарапшылардың талқылауынан өткізген болатын. Бұл тұжырымдама жобасында жоғары білім беру саласындағы алдағы жеті жылдағы басым міндеттер ретінде жоғары білімге қолжетімділік, білікті кадрлармен қамтамасыз ету, цифрлық технологияларды дамыту, интернационалдандыру, корпоративтік басқаруды дамыту, инфрақұрылымды дамыту және ұлттық білім сапасын қамтамасыз ету моделі белгіленген. ҚазҰУ-дың зерттеу университеті ретінде ғылымды дамытуға бағытталған барлық іс-шаралары осы тұжырымдама аясында іске асырылатын болады.

Зерттеу университеті мәртебесі бізге ғылыми бағыттарды тереңдетуді талап етеді. Университетте студенттер мен жас ғалымдардың кәсіби бағытын арттыру мақсатында және олардың болашақ мамандықтары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндіктер беретін бірқатар нақты шаралар қолға алынуда. Бүгінде әр кафедра мен факультеттің ғылыми жобаларына талдау жасау арқылы экономикалық әсерін анықтап отырмыз. Жобаларды қалалар мен жалпы елдегі белгілі бір проблемалық мәселелерді шешуге тікелей байланысты өзекті тақырыптар бойынша бөлу маңызды. Коммерцияландыруға әлеуетті ғылыми жобалар экономикалық нақты секторына жұмыс істеуі керек. Жобалардың тақырыбын мемлекеттік бағдарламаларға назар аудара отырып, өндірістік сектормен байланыс орнату арқылы таңдауға басымдық бердік.

Университеттегі барлық ғылыми жобаларды саралап, өндіріске қажеттілерін іріктеп, коммерцияландыру тетіктерін жетілдіру үшін ҚазҰУ жанынан «Ғылымды дамыту кеңесі» жасақталуда. Бұған қоса, алдағы уақытта ғалымдарымызға қолдау көрсету, университет ғылымын ілгерілету және дамыту мақсатында «Ғылыми инновациялық белдеу» құруды көздеп отырмыз.

Бүгінде жас ғалымдардың, талантты студенттердің шығармашылық, ғылыми әлеуетін дамытуда университет барлық қажетті жағдайды жасауда. Жас ғалымдармен еркін форматта кездесіп, ғылымдағы өзекті мәселелерді талқылап, жаңа ұсыныс-идеяларды саралап отыру үшін «Жас ғалымдар клубы» мен ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізуге жол ашатын «Жас ғалымдар қоры» құрылмақ.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Алтай Көлгінов ҚазҰУ қызметімен танысты

Соңы. Басы 1-бетте

Орталық басшылары қауіпсіздік және бақылау жүйесі барысын көрсетіп, университеттің ақпараттық бағдарламалары мен байланыс орталығының жұмысы туралы ақпарат берді. Бүгінде ҚазҰУ – барлық қызметкерлер мен студенттердің қауіпсіздігі жан-жақты қарастырылып, цифрландырылған қала ішіндегі бірегей қалашық.


Алтай Сейдірұлы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығына барып, дәрілік препараттар әзірлейтін құрылғылармен та-



нысты. Орталық директоры Жанар Жеңіс орталықтың негізгі мақсаты Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Мәртебелі меймандар ҚазҰУ-дың Процестік инновациялар орталығында да болды. Орталық директоры Әмірхан Темірбаев инжиниринг және жоғары технологиялар кластері мен Жерді қашықтықтан зондау орталығының қызметі туралы баяндап, инновациялық жобаларға тоқталды.

Алтай Көлгінов Әл-Фараби кітапханасының тыныс-тіршілі-



гіне де қанықты. Бұл кітапхана Орталық Азиядағы жоғары оқу орындары арасындағы ең үлкен кітап қорына ие. Кітапханада 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Алтай Сейдірұлы кітапханада ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жобалары және факультеттердің жетістіктері қойылған көрмені тамашалады. ҚазҰУ

ректоры Жансейіт Түймебаев Алтай Көлгіновке университет базасында оқу орны ғалымдары әзірлеген 100 инновациялық жоба бар екенін жеткізді. Сондай-ақ қазіргі таңда аталған ғылыми жобаларды коммерцияландыру бағытында жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

Университет басшысы Жансейіт Қансейітұлы мәртебелі мейманға ҚазҰУ қалашығы құрылысының II даму кезеңі жайлы мәлімет беріп, жатақхана, оқу корпусы мен қызметтік тұрғын үйлер жобаларымен таныстырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 1 маусымда оқу ордасына келген сапарында ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарын қолдаған болатын. Жоспар бойынша қалашықта оқу ғимараттары, әкімшілік корпусы, қызметкерлерге

арналған тұрғын үй, инновациялық орталық пен технопарк және студенттер мен магистранттарға арналған жатақханалар бой көтереді. Қазіргі студенттер қалашығында 3 гектар аумақта 12 мың орындық жатақхана құрылысына дайындық жүріп жатыр. Университетте 24 мыңнан астам студент білім алууда, оның ішінде 12 мыңнан астам білім алушы жатақханаға мұқтаж. Сондықтан студенттер үйі университет тарихындағы ең ауқымды жобалардың бірі болмақ және білім алушылар арасында жатақханалардағы орын жетіспеушілігі мәселесін толығымен шешеді.

ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі жоспарымен танысқан ҚР премьер-министрінің орынбасары аталған бастамаларды жүзеге асыруда сәттілік тіледі.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Орталық Азия мен Ресейдегі CNPC компаниясының бас директоры Бянь Дэчжимен кездесу өткізді.

Ректор CNPC компаниясының бас директорымен кездесті



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде университет ғалымдары 100 инновациялық жоба әзірлеп шықты. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде ҚазҰУ ҚХР-дың 43 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатты. Университетте Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты жұмыс істейді», – деді ректор. Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға университет базасында CNPC компаниясының кеңсін ашуды ұсынды.

«Қытай мұнай университеті ҚазҰУ-мен серіктестік орнатқысы келеді. Аталмыш университет – ҚХР-дағы мұнай саласында маман даярлайтын бірден-бір жетекші жоғары оқу орны. Екі университет арасындағы серіктестік алдағы уақытта бірлесіп кадр даярлауға және қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға сеп болады», – деді Бянь Дэчжи.

Жүздесу соңында қос тарап аталған ұсыныстарды жоспарлы түрде іске асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Қырғызстан халықаралық университеті» академиялық консорциумының президенті Арсен Айдаралиев пен ректоры Елена Савченко бастаған делегациямен кездесті.

Қырғызстан университеті ынтымақтастыққа ниетті



Жүздесу барысында ҚазҰУ мен Қырғызстан халықаралық университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға университет туралы толық ақпарат беріп, ҚазҰУ-дың шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру кеңістігінде мол тәжірибесі барын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінде Қыр-

ғызстанның 10 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстан Республикасына ресми сапары аясында екі ел Президенттерінің қатысуымен ҚазҰУ филиалы ашылған болатын. Бішкек қаласының ортасында орналасқан филиалда қазіргі таңда 14 білім беру бағдарламасы бойынша студенттер білім алуда.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Фараби форумы жаңа зерттеулерді саралады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әл-Фараби орталығының 30 жылдығына арналған «Тіл философиясы және Әбу Насыр әл-Фараби философиясының тілі» атты халықаралық Фараби форумы өтті.

Халықаралық Фараби форумы адамзаттың ұлы ойшылы әл-Фарабидің мұрасын терең зерттеуге, кеңінен таратып, насихаттауға арналған ірі ғылыми іс-шара. Шараның мақсаты – ойшыл ғалымның бай мұрасын жаңа қырынан зерттеу, Фараби мұрасы арқылы қазіргі қоғам дамуының рухани, тарихи және философиялық негіздерін түсіну, қазақстандық және шетелдік фарабитанушыларды біріктіру, жаңа зерттеулерді саралау.

Форум жұмысын құттықтау сөзбен ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев: «Бүгінгі халықаралық форум әл-Фараби құбылысын заманауи талдауды және терең зерттеуді талап етеді. Біздің алдымызда әл-Фараби туралы барлық ақпаратты біріктіру міндеті тұр. Форумның тарихи



миссиясы – Фараби ілімі арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту, тарихи және заманауи құндылықтарды тоғыстыру арқылы фарабитанудағы жаңа бағыттарды дамыту», – деп атап өтті.

Форумда сөйлеген сөзінде Иран Ислам Республикасының Алматыдағы бас консулы Мухсин Фагани барлық қатысушыларды Әл-Фараби орталығының 30 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Форумның ашылу салтанатында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры Мұхаммед аш-Шаххат Әл-Джинди (Египет), Алматы қаласындағы Өзбекстанның бас консулы Аброр Фатхуллаев және т.б. сөз сөйледі. Форум жұмысына ҚР Ғылым және жоғары білім, Ақпарат және қоғамдық даму, Мәдениет және спорт, Сыртқы істер министрліктерінің өкілдері, ҚР ҰҒА мүшелері, Қазақстандағы шетелдік консулдар, шетелдегі Әл-Фараби орталықтарының өкілдері, ғалымдар мен дипломаттар, Түркия, Нидерланды, Ресей, Өзбекстаннан келген жас ғалымдар қатысты.

Форумға қатысушылар ғылым мен білім берудің интеграциясына, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және зияткерлік мәдениетін жетілдіруге қатысты өзекті мәселелердің кең ауқымын талқылады.

Форум аясында «Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасы және өлемдегі психологиялық ғылымды дамыту», «Әл-Фарабиді тәрбиелеу тілі: мәдениетаралық қарым-қатынас және ұлттық болмыс контекстіндегі тұлға» және т.б. пікірталас алаңдары ұйымдастырылып, арнайы семинарлар өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



Ораза тұтқандарға ауызашар берілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Рамазан айында арнайы дастархан жайып, ораза тұтқандарға ауызашар берді.

Ауызашар дастарханында мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, университеттің ақсақалдары, оқу ордасында ұзақ жылдар қызмет етіп, зейнеткерлік демалысқа шыққан оқытушылар және өмірден өткен ардагерлердің жарлары мен ұл-қыздары, ғалымдар бас қосты.

Жиылған қауымды университет ректоры Жансейіт Түймебаев



қасиетті Рамазан айымен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Сондай-ақ өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктерін атап өтіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Игі шарада бас қосқан ақса-

қалдар мен зиялы қауым өкілдері ҚазҰУ ректорына алғыс білдіріп, білім ордасының алдағы жоспарлары мен бастамаларына табыс тіледі.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Заманауи жаһандану кезеңінде ғылым мен техниканың қарқынды дамуына байланысты «ғылым қоғамды жарқын болашаққа жетелейді» деп есептейтін технооптимистік және «ғылым адамдарды техниканың құлына айналдыратын қасірет» деп санайтын технопессимистік бағыттағы көзқарас қалыптасып отыр. Әрбір бағыттың өкілдері өз ойын негіздеп бағуда. Осы қарама-қарсы бағыттағы көзқарастарды ескере отырып, бүгінгі таңда қалыптасқан күрделі экологиялық, табиғи-техногендік жағдайларды оңтайлы шешу, яғни қоғам алдына қоятын тарихтың талабына және оған берілетін қоғамның жауабына үйлесетін реалистік жол табу ғалымдар үлесінде. Осындай ғылыми ізденістерді негізге алған ҚазҰУ-дың бір топ ғалымдары география ғылымының докторы, профессор Әсима Көшімнің жетекшілігімен мәселені зерттеп қана қоймай, оны шешуге өзіндік үлес қосатын, яғни сұранысқа ие мамандарды даярлауға кірісіп кетті.

Әсима КӨШІМ, география ғылымының докторы, профессор:

Табиғи-техногенді қауіп-қатерді шешу - ғалымдар еншісінде

Статистикаға жүгінетін болсақ, соңғы жылдары табиғи-техногендік қауіп-қатерлердің жиілеп кеткені байқалады. Олардың спектрі жойқын зілзалалардан климаттың ғаламдық өзгеруіне, тіптен жердің ғарыштық денелермен соқтығысу қаупіне дейін кеңінен таралған. Қазіргі әлемдегі табиғи және техногендік апаттар терең әлеуметтік күйзелістерді, адамның өлімі мен қайғы-қасіретін тудыратыны және үлкен материалдық шығын әкелетіні белгілі. «Қоғам қауіпсіздігінің жалпы мәселесінде олар тұрақты дамуға кедергі келтіретін маңызды тұрақсыздандырушы факторлардың бірі ретінде жиі қарастырылуда», – дейді профессор Әсима Ғалымжанқызы.

Континенталды аймақта орналасқан Қазақстанда геоморфологиялық, геологиялық, климаттық және ландшафтық жағдайлардың алуантүрлілігінен қолайсыз және қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың болуы әбден мүмкін. Біріншіден, ұзақ құрғақшылық, қарлы және шаңды дауылдар аумақтың орталық және солтүстік-шығыс бөлігіне тән. Сондай-ақ су тасқыны мен жер сілкінісі шығыс және оңтүстік аймақтарда көрініс алады. Қазақстан аумағында елеулі табиғи катаклизмдерді тудыруы мүмкін жаһандық деңгейдегі қауіп төндіретін факторлардың пайда болуын да назарға алған жөн. Бұл жаһандық жылыну мәселесі, мұздықтардың еруі, мұхиттағы су деңгейінің көтерілуі, шөлейттену, ұзаққа созылған құрғақшылық сияқты табиғи апаттарды тудырады деп болжануда. Осындай жағдайда Қазақстандың халқы көп қоныстанған тау өңірлеріне сел тасқыны қауіпі төнеді. Ал далалық аймақта орналасқан елдің орталығы ұзақ құрғақшылық қаупіне душар болады.

Қауіпті процестердің бірі – жер сілкінісі. Республика аумағында 50-ден астам сейсмикалық белсенді аймақ орналасқан. Олар жер сілкінісінің қарқындылығы 7-8 балға жететін оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарды қамтиды. Өйткені бұл аймақ Еуразияның сейсмикалық белсенді белдеулері жүйесіне кіреді және қарқынды геодинамикалық процестермен сипатталады.

Қоршаған ортаға антропогендік жүктеменің күрт артуының, табиғи және техногендік факторлардан туындайтын табиғи-тех-



ногендік және экологиялық қауіптер мен қатерлердің қазіргі жағдайында планетарлық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде шешілуі қажет пәнаралық сипаттағы проблемалардың кең ауқымы пайда болды. Бұл проблемалар жаңа ғылыми бағытты – табиғи-техногендік қауіпті-қатерлерді зерттеуге себеп болып отыр.

Осыған байланысты соңғы жылдары әлемде ғана емес, біздің Қазақстанда да жиілеп кеткен табиғи және табиғи-техногендік құбылыстар мен процестерді талдап, бағалау үшін ғылыми ақпаратты пайдалануға, бұл ретте туындайтын табиғи қатерлердің мәнін айқындауға, инновациялық әдістер мен технологиялар негізінде олардың даму серпінін болжауға және модельдеуге қабілетті география ғылымы саласында білікті мамандар даярлау қажеттілігі туындады.

Жоғары және орта мектептер біз атаған міндеттерді шешуге, сондай-ақ жас ұрпақтың ел қауіпсіздігінің болашағы үшін жауапты ойлауын қалыптастыруға қабілетті географ-мамандарға мұқтаж. Осыған байланысты 2019 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Табиғи-техногендік қауіпті қатерлер» атты білім беру бағдарламасы бойынша география ғылымы саласында мамандарды үш деңгейде: бакалаврлар, магистрлар және докторанттар даярлауда республикада бірінші бастамашы болды. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі – оның Қазақстан Республикасында аналогі жоқ екенінде. Ол алғаш рет қолданысқа енгізіледі.

Бағдарлама Әсима Көшімнің жетекшілігімен жақын және алыс шетелдердің осы бағытта мамандар даярлауда тәжірибесі бар көшбасшы жоғары оқу орындарының бағдарламаларын

талдау негізінде әзірленді: М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Томск мемлекеттік университеті, Новосибирск мемлекеттік университеті, Қоршаған орта және жер туралы ғылым институты, Батыс Венгрия университеті, Калифорния университеті (АҚШ): UC Berkeley (Department Earth and Planetary), Калифорния университеті (АҚШ): UA San-Diego (Department Environmental System Program), Цюрих университеті (Швейцария): University of Zurich (Department of Geography).

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін факультетте жеткілікті түрде жабдықталған материалдық-техникалық база және білікті кадрлар қызмет етеді. Сондай-ақ шарт жасалған практика базасы бар: Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар және апатты қауіп-қатерлерді азайту жөніндегі орталық, өңірлік ТЖ департаменттері, Сейсмология институты, ҚР БҒМ География және су қауіпсіздігі институты, Қ.Сәтбаев атындағы геология институты, Ахмедсафин атындағы Гидрология және геоэкология институты, Жер ресурстарының әкімшілік комитеттері, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ атсалысты.

2021 жылы «Табиғи-техногенді қауіп-қатерлер» білім беру бағдарламасының магистратурасын алғашқы түлектер бітіріп шықты. Олар қазір алған мамандығына сәйкес жұмыс істеп жүр. Сол жылы бакалавриатқа көптеген студенттер қабылданды, бүгінде олар осы бағдарламаны игеруде.

«Уақыт өте келе бұл бағдарламаны танып, біліп және ол «Қоршаған орта» бағытындағы басқа білім беру бағдарламаларының арасында өзінің лайықты орнын алады деп үміттенеміз. Өйткені уақыттың өзі қауіпті табиғи процестер мен құбылыстарды зерттейтін және олармен бірге пайда болатын техногендік және экологиялық қауіптерді залалсыздандыру мақсатында талмай еңбек ететін мамандарға арналған», – дейді профессор Әсима Көшім.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және
геоинформатика
кафедрасының оқытушысы

Елші урду тілін меңгерушілерді қолдайтынын айтты

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы жанындағы «Мухаммед Али Джинна» орталығында Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Саджад Ахмед Сихар мырзаның қатысуымен «Елші сағаты» өтті.



Іс-шараның мақсаты – Қазақ ұлттық университеті мен Пәкістан Ислам Республикасының университеттері арасындағы білім-ғылым және мәдени байланыстарды дамыту. Аталған іс-шараға Пәкістан елшілігінің өкілдері, Каспий университеті, медицина және денсаулық сақтау факультетінде оқитын пәкістандық студенттер (Quasar Urdu Society ұйымының мүшелері), факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы, студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты.

Алдымен сөз алған факультет деканының міндетін атқарушы Наталья Ем екіжақты ынтымақтастықтың қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді атап өтіп, осы уақытқа дейін шығыстану факультетінде урду тілі мен әдебиетінен 50-ден астам маман дайындалғанын айтты. Екі ел арасындағы ғылым мен білімді дамыту үшін урду тілін оқытудың факультет үшін маңызды екеніне ерекше назар аударды.

Пәкістан Республикасының елшісі Саджад Ахмет Сихар мырза өз сөзінде Қазақстандағы өкілетті қызметі аяқталғанын, дегенмен алдағы уақытта да Пәкістан мен Қазақстан арасындағы достық, мәдени-ғылыми байланыстарды арттыру туралы ой-пікірін білдірді. 2009 жылы елшіліктің, пәкістандық кәсіпкерлердің және Пәкістан Ұлттық банкінің қолдауымен ашылған «Мухаммад Али Джинна» орталығы екі ел арасындағы достықтың кепілі екенін және болашақта да урду тілі мен әдебиетін меңгертін студенттердің ғылыми ізденістеріне Пәкістан тарапынан қолдау көрсетілетініне сенім білдірді.

2021 жылы сәуір айында шығыстану факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері Исламабад қаласындағы Заманауи ұлттық тілдер университетінде (NUML) біліктілікті арттыру курсынан өтті. Оқытушылар мен студент-



тердің барлық шығындарын Қазақстан Республикасындағы Пәкістан елшілігі өз мойнына алған болатын. Бұл студенттер қазіргі таңда магистратурада білімдерін жалғастыруда.

Аталған шарада шығыстану факультетінің 1-курс магистранттары Назерке Жарбосынова, Айғаным Тұрсынбекқызы және Quasar Urdu Society ұйымының мүшесі Рао Талха Иқбал «Қазақстан мен Пәкістан арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасқа – 30 жыл» тақырыбында қазақ және урду тілдерінде қысқаша баяндама жасады. Мухаммад Қасым Хан Quasar Urdu Society («Жарыққа толы урду қауымы») ұйымы мақсатының бірі урду тілін меңгерген қазақ жастарымен ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы айтып берді. Надиә Абдулхалим урду тілінде өлең оқып, көпшілікті тәнті етті.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі Дариға Молдағалиқызы, деканның орынбасары Салтанат Төлеуқызы «Елші сағатына» қатысқан қонақтарға алғыстарын білдірді. Кеш соңында Саджад Ахмед Сихар мырзаға Қазақстан Республикасындағы өкілеттік қызметі аяқталуына байланысты ректор Жансейіт Түймебаевтың алғыс хаты және ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі табыс етілді.

Шынар КАНАФЬЕВА,

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

«Эрасмус+» жобасы ынтамды арттырды

Интернационалдандыру – жаһандық трендтерге сәйкес келетін елдердің немесе жекелеген білім беру мекемелерінің нақты стратегиялары мен бастамаларына сай жүзеге асады. Білім беру қызметтерінің халықаралық аренасында ЖОО-ның оң имиджін қолдауда шетелдік әріптес университеттермен халықаралық ынтымақтастық, студенттер мен оқытушылар үшін халықаралық алмасудың тиімді бағдарламаларын және әртүрлі әріптестік іс-шараларды өткізу, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу сияқты критерийлер шешуші рөл атқарады. Мен осы академиялық ұтқырлық аясында Литва мемлекетінде шетелдік іссапарда болып қайттым.



дана алатын әрі оларды кәсіби қызметінің кең спектрінде қолдана алатын мамандарды даярлау. Бизнесі құру және дамыту, өмір бойы білім алу арқылы үнемі жетілдіруге дайын болу.

«Су және ағынды сулар» пәні өте пайдалы болғаны сөзсіз. Бұл ретте біршама тақырыптар қамтылды: су шығыны мен ағынды сулардың көлемін есептеу және құбырлардың диаметрін, сумен жабдықтау және су бұру желілері үшін пайдаланылатын құбыр материалдарын таңдау; кәріз желілерінің маршруттарын таңдау принциптері; сорғының жұмысын түсіну үшін су мен ағынды суларды тазарту әдістері, сондай-ақ шөгінділерді өңдеу; су мен ағынды суларды тазарту қондырғыларын қалай жобалау

керектігімен толықтай таныс болды. Бұл курс ең қызықты әрі практикалық жағынан тиімді болды.

«Шешім қабылдау процесінің цифрлық әдістері» пәнінде біз басқару шешімдерін қабылдау процесі, сапалық және сандық әдістер; әлеуметтік ғылымдардағы корреляциялық-регрессиялық талдау практикасы, нәтижелерді түсіндіру; кәсіпорында болжау және жоспарлау, болжау әдістері, олардың дәлдігі мен сенімділігі; экономика мен басқаруда жұмыс істеуді зерттеу модельдерін қолдану тәжірибесі; сызықтық бағдарламалау секілді тақырыптармен таныс болдық.

Жаңартылатын энергия көздері, технологиялар және тұрақты даму туралы білім алу қазіргі

таңдағы өзекті мәселелердің бірегейі. Бұл білім деңгейі инженерлік қызметке қажетті қабілеттерді қамтамасыз етуі керек, жаңа технологиялардың жұмыс істеу принциптері мен мүмкіндіктерін түсінуге және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Студенттердің академиялық ұтқырлығына назар аударған кезде білім алушылардың алмасу бағдарламасына қатысу шешіміне әсер ететін негізгі себептерді атап өту маңызды болып көрінеді. Оларға әртүрлі мәдениеттермен және тілдермен өзара әрекеттесу, әлемдік деңгейдегі білім орталықтарына қол жеткізу, бірегей «жаһандық ортада өмір сүру және жұмыс істеу тәжірибесін» алу, сондай-ақ университет ұсынған өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін пайдалану жатады.

Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз студенттеріне қажетті көмек пен мүмкіндікті кең ауқымда көрсетіп отырғанын анық байқауға болады. Өйткені шетелдік іссапар барысында алынған білім мен тәжірибе болашақта білікті маман болуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Бағжан ШЫНАЛЫ,
физика-техникалық факультетінің студенті

Ғылыми тағылымдамаға ғылыми және кәсіби құзыреттіліктерді мақсатты түрде жетілдіру және ғылыми білімді тереңдету жатады. Сондай-ақ зерттеу дағдыларын жетілдіріп, тәуелсіз ғылыми зерттеулерді орындайды.

Ізденушілерге қолдау бар

Шетелдік жетекші университеттердің немесе ғылыми орталықтардың бірінде ғылыми тағылымдамадан өту докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының міндетті құрамдас бөлігі екені көпшілікке аян. Ғылыми тағылымдамадан өту кезеңінде қалыптасатын құзыреттер конструктивті, коммуникативті және зерттеушілік дағдыларды атап өту маңызды.

Жылда ҚазҰУ-дың бакалаврлары, магистранттар мен докторанттары Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) халықаралық рейтингі бойынша жүздікке кіретін университеттерде ғылыми тағылымдамдан өтеді.

Химия және химиялық технология факультетінің Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы 8D05301 – ХИ мамандығының 3-курс докторанттары Гүлжан Ерлан мен Әйгерім Ермағамбетова ҚР БҒМ PhD докторанттарды даярлау бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті. Гүлжан Ерлан Ратгерс университетінде (Нью-Джерси штаты, АҚШ) экологиялық және биологиялық ғылымдар факультетінің Тамақтану ғылымдары кафедрасының профессоры П.Тахистовтың жетекшілігімен, ал Әйгерім Ермағамбетова Италиядағы Генуя университетінің Информатика, биоинженерия, робототехника және жүйелік ин-



женерия кафедрасында профессор Лаура Пасториноның жетекшілігімен ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан екі ай мерзімде өтіп келді.

Тағылымдамадан өту барысында PhD докторанттар ғылыми-зерттеу жұмысын заманауи аспаптық талдаудың озық әдістерін қолдана отырып жоғары дәрежеде орындады. Қазір докторанттар зерттеу нәтижелері бойынша профессор П.Тахистов және профессор Л.Пасториномен бірлесіп отырып, рейтингі жоғары журналдарда жариялау үшін мақалалар дайындауда. Біздің білім алушыларға, ізденушілерге осындай қолдау көрсетіп, жағдай жасап отырғаны үшін университетімізге алғысымыз шексіз.

Бақыт ТҮСІПОВА,
химия және химиялық технология факультетінің қауымдастырылған профессоры, х.ғ.к.

Кәсіби маман болудың жайы айтылды

Қазақстанның БҰҰ-ға қосылғанына 30 жыл толуына орай және Бүкіләлемдік радио күніне сәйкес, «Радио құтқарушы рөлінде: радио цифрлық қоғамдағы шиеленісті азайтуға қалай көмектеседі?» атты Х халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі болып өтті.



Мектеп аясындағы шеберлік-сыныптарында еліміздің түкпір-түкпірінен және Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, сондай-ақ Бангладеш, Йемен, Қытайдан келген құрметті профессорлар мен студенттер бас қосты. Бұл шара 2014 жылдан бері ҚР БҰҰ Ақпараттық бюро департаменті мен ЮНЕСКО Алматы кластерлік бюросының қолдауымен жыл сайын өтіп тұрады. Бүкіләлемдік радио күніне орай, шара Алматы облысының Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық паркі Белбұлақ шатқалындағы «Тау-Тұран» білім беру-сауықтыру кешенінде өтті.

Географ-эколог Айжан Сқақова бүгінгі күннің экологиялық мәселелерін талдады. Одан кейін ЮНЕСКО мүшесі Сергей Карповтың жолдаған видеосөлемін тамашаладық. Сөз кезегі журналист, сатирик Ермахан Шайхыға берілді. Қаламгер ұстаз бүгінгі сатираның жүгі мен жауапкершілігі туралы сөз қозғады. Іс-шараға ҚР Сот әкімшілігі Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің басшысы Айдос Сәдуақасов, Ха-

лықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әлібек Шегебай, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ақын Бекжан Әшірбаев, аға оқытушы, ақын Бауыржан Әліқожа сияқты танымал маман, ұстаздар қатысты. Ал журналист С.Дүйсенова өз дәрісін оқып, қоғамдағы түрлі проблемаларға көзқарасын білдірді, кәсіби журналист болудың жолын нұсқады.

Келесі күні модераторлықты әлеуметтік ғылымдар магистрі, ҚазҰУ оқытушысы Төлеген Берікбол қолға алды. «Айқап» подкастының авторы Алмас Маратұлы «112 эффектісі немесе медиажобаларды ілгерілету әдістері» тақырыбында дәріс оқыды. Masa Media порталының редакторы Есдәулет Қызырбекұлы «Қаңтар оқиғасы БАҚ-та қалай жазылды?» деген мәселеге тоқталды. Анкара университетінің «Кино және телевидение» мамандығының магистрі Мархабат Ілияс «Қазақстандық БАҚ: Түркия мен Сириядағы зілзала туралы материалдарға шолу, талдау» жоба-

сын түсіндірді. Веб-дизайнер Рауан Ризуан сайттарды құру жолдарын айтып өтті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Серікхан Жүзеев «Азаматтық қоғам үні: өңірлік медиа тәжірибесінде» деген тақырыпта дәріс оқыды. Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті Журналистика кафедрасының профессоры Мәлика Жұмамұратова бүгінгі журналистиканың өзекті мәселелерін ортаға салды.

Ал басқосудың үшінші күні модератор тізгінін Айтолқын Әшімова қолға алды. Бұл күні негізінен түрлі тақырыпта деңгелек үстел ұйымдастырылды. Спикерлер ретінде Яса Мохаммад, Аршад Хилал, Мирам Хан Вахидуллах, Гүлзад Файсал және т.б. сөз алып, журналистиканың келелі түйткілдері жайында айтып өтті.

Әлмира БАУЫРЖАН,
журналистика факультетінің студенті


Современный научно-технический прогресс

Прошлый год оказался богат на научные события. По большей части они связаны с запуском больших, сложных и очень дорогих научных приборов. Другая часть событий связана научными трендами, которые существуют давно, но в этом году получили большой резонанс. К счастью или к сожалению, эра гениев-одиночек, совершающих открытия персонально, прошла – сегодня науку двигает сотрудничество огромных коллективов ученых, почти всегда – международных. Так что основные научные события в последние годы — результат работы, длящейся годами, а то и десятилетиями. В последние годы существенно ускорилось развитие науки, и мы предлагаем обсудить, какие технологии будут интегрированы в нашу жизнь уже в этом году. В данном материале собрали новейшие разработки ученых разных стран, которые обещают стать прорывом в самых разных сферах жизни людей.



ная ткань прижилась и даже спустя 8 месяцев после эксперимента отлично чувствует себя в

ОСВОЕНИЕ ЛУНЫ



16 ноября с мыса Канаверал стартовала самая мощная ракета в истории – Space Launch System. Задача 100-метровой ракеты заключалась в том, чтобы отправить капсулу, предназначенную для людей, в сторону Луны. Artemis II, полет которого ожидается в 2024 году, совершенно точно будет везти астронавтов. Artemis III уже предполагает высадку на Луну. Корабль «Орион», отделившись от ракеты, описал траекторию восьмерки вокруг Луны и Земли, причем естественный спутник обогнул дважды, а 11 декабря приводнился в Тихом океане. Все этапы миссии были признаны весьма успешными. В целом проект нацелен на создание долговременной базы на Луне, а затем — отправку человека на Марс. Человечество продолжает стремиться в космос и осваивать другие планеты.

На апрель 2023 года запланирована посадка на Луну минилунохода «Rashid» из Объединенных Арабских Эмиратов, запущенного в декабре 2022 года, с помощью аппарата HAKUTO-R 1, построенного японской компанией. Если посадка будет успешной, HAKUTO-R 1 станет первым частным космическим аппаратом, совершившим высадку на Луну. А также индийская лунная миссия «Chandrayaan-3» запланирована к запуску этим летом. Миссия состоит из лунохода и спускаемого аппарата, который совершит посадку в районе южного полюса Луны.


ИССЛЕДОВАНИЕ ВСЕЛЕННОЙ



12 июля была опубликована первая научная фотография, сделанная телескопом «Джеймс Уэбб». Этот телескоп на сегодняшний день — самый мощный в истории. Главная сила «Уэбба» — умение очень хорошо видеть в инфракрасном диапазоне. То есть камеры «Уэбба» способны заглянуть очень далеко в прошлое, чтобы помочь понять, как формировался мир, в котором мы живем. Кроме того, инфракрасный глаз телескопа может разглядеть, что творится в плот-

ных облаках газа и пыли, в которых происходит рождение звезд и звездных систем – это также раскрывает фундаментальные тайны творения. Цель телескопа – создать трехмерную карту Вселенной, изучив ее эволюцию за последние десять миллиардов лет. Еще одна ключевая задача «Уэбба» — поиск экзопланет и их описание. Возможности аппарата позволяют лучше провести спектральный анализ, найти следы жизни, ответить на вопрос, который давно мучил человечество: одни ли мы во Вселенной. Однако это не единственная космическая обсерватория, от которой ожидают прорывов в этом году. В июле начнет работу обсерватория «Very Rubin», расположенная в Чили. Обсерватория включает в себя 8,4-метровый наземный телескоп и самую большую из когда-либо созданных цифровых камер с невероятным разрешением 3,2 гигапикселя. Благодаря этим передовым технологиям обсерватория будет снимать все южное небо всего за три ночи, что позволит собрать огромное количество новой информации о космосе. В 2023 году планируется запуск аппарата Jupiter Icy Moon Explorer, который отправится на исследование лун Юпитера: Европу, Ганимед и Каллисто. Ожидается, что зонд достигнет своей цели в 2031 году и предоставит ценную информацию об этих ледяных лунах и их потенциале для жизни.

РАШИФРОВАНИЕ ГЕНОМА




3 октября 2022 года Нобелевской премии в области физиологии и медицины был удостоен Сванте Паабо. Шведский биолог на протяжении долгих лет пытался сделать невозможное, а именно: секвенировать геном неандертальца. Ему удалось не только это, но и обнаружить ранее неизвестного гоминина на территории Алтайского края — денисовца, а также расшифровать его ДНК. Благодаря трудам Сванте Паабо мы узнали, что тысячи лет назад наши предки Homo sapiens взаимодействовали с другими представителями людей: неандертальцами и денисовцами. Все они были хоть и близкими, но все же самостоятельными биологическими видами. Почему это важно: расшифрованные геномы денисовцев и неандертальцев позволяют лучше понять биологию сов-



ременного человека. Например, как наша иммунная система реагирует на различные инфекции и почему жители Тибета намного легче переносят жизнь в горах, в отличие от европейцев.

ГЕННАЯ ТЕРАПИЯ




По официальному сообщению ООН, 15 ноября 2022 года количество людей на Земле преодолело отметку в 8 млрд человек, примерно 9% из которых — старше 65 лет. Значит ли это, что нас ждет рост количества эпидемий и появление новых болезней? Однако уже сейчас существуют технологии, способные если не остановить процесс старения, то хотя бы замедлить его. Предположительно, стремительное развитие биотехнологии и генной инженерии позволит человечеству в период 2023-2030 годов найти пути излечения от многих заболеваний. Генная терапия — технология, с помощью которой генетическая конструкция вводится в определенные клетки тела, в которых гены отсутствуют или неправильно работают. Второй метод, редактирование генов CRISPR-Cas9 — это мощный инструмент, позволяющий точно изменять геном путем удаления определенных фрагментов и вставки новых, и он способен произвести революцию в таких областях, как медицина, сельское хозяйство и биотехнологии. В медицине он может быть использован для лечения генетических заболеваний путем исправления генетических мутаций.

ТРАНСПЛАНТАЦИЯ МОЗГА

Специалисты из Стэнфордского университета изыяли из мозга человека специальные стволовые клетки, перевели их в состояние незрелых и внедрили в крысиный мозг. Имплантирован-


новом теле. Что интересно, нейроны внедренных клеток не перестали функционировать в животных, а все также представляют подобие человеческих. Почему это важно: открытие позволит ученым не только предсказывать поведение грызунов, но и в прямом смысле управлять ими, основываясь уже на психологии человеческого поведения.

ИСКУССТВЕННАЯ РОГОВИЦА



Современное лечение глазных болезней нередко требует дорогостоящей трансплантации донорской роговицы. Специалистам из Швеции удалось решить проблему, а помогла им в этом свиная кожа — извлеченный из нее коллаген лег в основу искусственной роговицы. Одновременно ученые разработали иной метод лечения, заключающийся не в полном удалении поврежденной роговицы, а лишь дополнении ее новосозданным имплантатом. Авторы работы говорят, что уже успели вернуть зрение 20 добровольцам, 14 из которых были полностью лишены зрения. Новый метод лечения не только прост, но и безопасен.

ВАКЦИНА ОТ РАКА



Клинические испытания вакцин от рака в 2022 году было объявлено сразу о нескольких успешных испытаниях вакцин от рака. Собственно, само слово «вакцина» в данном случае относительно условно, речь идет

чаще о лекарствах, а не о профилактических мероприятиях. Однако механизм исследуемых препаратов по большей части основан на выработке собственного иммунитета пациента для убийства раковых клеток. К примеру, в декабре компания Moderna озвучила предварительные результаты второй фазы клинических испытаний РНК-вакцины против меланомы. Исследование с полутора сотнями больных добровольцев показывает, что новый препарат повышает шансы на излечение агрессивного рака кожи почти на 50%. Первую фазу тестов вакцины от этого вида рака также завершили ученые из Вашингтонского университета. Исследователи из Королевского колледжа Лондона закончили третью фазу испытаний на людях вакцины от рака мозга. Клинические испытания и одобрение лекарств — это очень долгий процесс. Но, судя по тому, что в этом году началась настоящая «гонка вакцин от рака», уже скоро этот метод лечения будет введен в повседневную практику.

3D-ПЕЧАТЬ

Если вспомнить основные инновации, которые нам дало развитие науки и технологий в периоде 2013-2023 годов, то нельзя не выделить 3D-печать. Перспективы 3D-печати крайне многообещающие. Ученые активно развивают существующие методики трехмерной печати, разрабатывают новые технологии и типы материалов, находят новые сферы применения.

Будущее 3D печати — в изготовлении таблеток и прочих лекарственных средств. Уже сегодня 3D принтеры позволяют выполнять печать заменителей костей, суставов и сосудов из специальных материалов. В ближайшем будущем ученые планируют расширять ассортимент продукции. 3D принтеры для печати еды постепенно отвоевывают пространство в кафе и ресторанах.

Научно-технический прогресс идет вперед не по годам, а по дням и быстро меняет наш привычный образ жизни. Фраза «привязан к своему телефону» скоро может звучать совершенно по-новому. В ближайший 5 лет на рынок выйдет первый имплантируемый мобильный телефон. Ожидается, что такое устройство сможет точнее отслеживать состояние здоровья владельца, а также позволит абонентам общаться при помощи мозговых или радиосигналов вместо вербальных средств. Очень скоро придет новейшая технология «компьютерное зрение». Это область искусственного интеллекта, связанная с анализом изображений и видео. Над созданием беспилотных автомобилей уже сейчас работают технологические компании, такие как Google и Uber, а также традиционные автопроизводители, такие как Toyota и Volkswagen. И это не все новости в научном мире.

Stem білім беру технологиясының мүмкіндіктері

Биология сабағындағы STEM білім беру технологиясының аясында «7M01504 – Биология» мамандығының 1-курс магистранттарының «Теориялық және практикалық биологияның заманауи проблемалары» атты пәнінен кибернетика тақырыбына арналған тың ойлар, ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерге толы сабақ өттік. STEM білім беру технологияларын қолдану, атап айтқанда: жобалық оқыту (PBL – project based learning) студенттерді тиімді оқытуға және оларды еңбек нарығының заманауи талаптарына дайындауға мүмкіндік беретініне көзіміз жетті.



тек теорияны оқып қана қоймай, сонымен бірге cooperative learning, яғни бұл топтық жұмыс, ақпаратты талдау және мәселені шешу сияқты практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік берді. Бұл әдіс пәнді тереңірек түсінуге, сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруға және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамытуға, CASE технологиясымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сабақ өте қызықты және мазмұнды ұйымдастырылды. Студенттер тақырыпқа қызығушылық танытып, жобалық жұмыста белсенділік танытты. Сабақтың маңыздылығы оның қызықты өтуімен қатар, студенттердің биология пәнінен жаңа технологиялар арқылы құнды тәжірибе жинақтауында.

Жалпы, жобалық оқыту әдісін сабақта қолдану өте тиімді болып шықты. Өйткені студенттер тақырыпты тереңдетіп қана қоймай, топпен жұмыс істеу, ақпаратты талдау және нақты мәселелерді

шешуде құнды тәжірибе жинақтады. Сонымен бірге STEM технологияларын қолдану студенттерге деректерді өңдеу және нәтиже алу үшін заманауи құралдар мен бағдарламаларды пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл қазіргі таңда әлемдегі маңызды машық.

Қорытындылай келе, STEM білім беру технологиясы қазір табыстың негізгі факторы екені және оны биологияда қолдану өнертабысқа, жаңалық ашуға және маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өткім келеді. Осы сабақтың арқасында магистранттарымыз болашақ сынақтарға дайын болып, ғылым мен прогреске үлес қосатынына сенімдіміз.

Жанар КЕНЖЕЕВА,

Биомедицина, биофизика және нейроғылым кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы

Жанна ӘБДІРАСЫЛОВА,

доцент м.а.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дамаск қаласындағы Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығына таңдаулы кітаптар мен киіз үй жіберді.

Сириядағы Әл-Фараби орталығына тарту



Орталыққа әл-Фарабидің шығармалар жинағы, ғұлама туралы зерттеу еңбектері, Қазақстан және жетекші университет тарихына қатысты кітаптар қоры сыйға тартылды. Сонымен қатар гуманитарлық көмек ретінде киіз үй қоса жөнелтілді.

Сирия астанасында орналасқан тарихи кешеннің негізі 2008 жылы қаланған. Ол үш қабатты ғимарат, мешіт, әл-Фарабидің бейіті мен зиярат етіп келушілерге



арналған орын, кеңселік және оқу аумақтарынан, кітапхана мен экспозициялық залдардан тұрады.

Бүгінде нысанды қолдану және басқаруды Қазақстан мен Сирия бірлесіп жүзеге асыруда. Қазақстан тарапынан ұлы ойшыл туралы ақпараттар мен тарихи мәліметтерді жинау жұмысы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жүктелген, ал Сирия тарапынан Дамаск университеті жауапты.

Заң факультетінің 2-курс студенті Марлан Мұхаметжан жастар саясатының дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, көшбасшылық қабілетін шыңдап көрсете білгені үшін Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Білім өркениет» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының шешімімен «Жылдың үздік студенті» медалімен марапатталды.

Марлан - белсенді студент

Бұған дейін Марлан Алматы қаласындағы Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары шешімімен қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқаны үшін «Қазақстан патриоты» медалін омырауына таққан еді. Марлан – оқуда үздік, қоғамдық жұмыста белсенді. Бос уақытында ғылыми-көпшілік басылымдарды, көркем әдебиет оқиды.

Марлан Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласында 2004 жылы дүниеге келген. 2010 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта білім ордасы талбалдырығын аттады. Мектеп қабырғасында да сабақты үздік оқыды, ұстаздың алдын қия кесіп өткен жоқ. Мысалы, 2019-2020 жылғы оқу жылында ұстаздары мен оқушылардың қолдауы арқасында мектеп президентігіне сайланды. «Менің тұлғалық қалыптасуым мен дамуыма, бойымдағы көшбасшылық қасиетті жетілдіруге зор үлесін қосқан ұстаздар қауымына ерекше ілтипатымды білдіремін», – дейді Марлан.

Белсенді студент 2021 жылы



мектепті бітіргеннен кейін жаңа өмірге қадам басу жолында киелі қара шаңырақ – Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Мектептегі тәжірибесінен кейін университетте де студенттер арасында белсенді атанып, 2021-2022 жж. аралығында мәслихат төрағасы болса, ал қазіргі таңда заң факультетінің студенттік деканы. Марлан қанатас достарына үлгі. Сеніп тапсырылған кез келген істі жауапкершілікпен орындайды. Біз оның болашақта талай белесті бағындыратынына сенімдіміз.

Гүлзат ҚАПАНОВА

Театр танымды кеңейтеді

Театр – мәдениет ошағы, өнердің қайнар бұлағы десек, оған барып қойылым тамашалау адам жанын рахатқа бөлері сөзсіз. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының 1, 2-топ тыңдаушыларымен «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрына барып, «Мұғалім» атты қойылымды тамашалап, ерекше әсерге бөленіп қайтты.



танып, құрметтеуге баулуда өз үлесін қосты.

Өрікгүл САНДЫҚБАЕВА,
Гүлнәзира МУЖИГОВА,

жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары

елдік студенттердің тарихи-мәдени білімін көтерудің өзгеше формасы. Екіншіден, шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырып, жетілдіруге негіз болар бірден-бір игі іс.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен ғылыми-танымдық шаралар шетелдік тыңдаушыларды Қазақ елінің тілін, тарихын және мәдениетін

Киелі театр арқылы біз өткен шежіре тарихымызды, мәдениетімізді көріп сезінетінімізді шетелдік студенттерге дәріптеуді мақсат етеміз. Ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеуде театрға саяхаттың берері мол.

Бұл – біріншіден, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы шет-

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.